


Білекті бірді жығады - білімді мыңды жығады

БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ





БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

№3 (213), 2026
Наурыз
Март

2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

Журнал 2006 жылдың қантар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издаётся с января-февраля 2006
года на казахском и русском языках

**(Республикалық ғылыми-әдістемелік
педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический
педагогический журнал)**

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Е. Макимов

Болат Кудабаяев: полвека служения родине, чести и долгу 3

К. Курбанов

Отан отбасынан басталады 6

Ф. Патчаханова, Ж. Кожамкулова, Э. Баймуханбетова

Білімнен биікке: университет қабырғасындағы ой, тәжірибе және болашақ 8

А. Дариева

Дәстүрлі ән салу өнері сабағының ғылыми-әдістемелік негіздері 12

Н. Ферстер

Проектное управление воспитательной системой школы как механизм
формирования ценностей обучающихся 15

О. Карпенкова

Внеурочная деятельность как условие духовно-нравственного воспитания
младших школьников 18

Ж. Нурдилдаева

Жобалау іс-әрекеті арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеушілік
қабілетін дамыту 22

А. Бүркітбаева

Қазақ киносы қандай дәрежеде? 25

А. Бабанова

12 сәуір – ғарышкерлер күні 28

Е. Аренов

Афганистан болит в мѳей душе 30

С. Балхашев

Денсаулық – зор байлық 32

А. Сагидуллина

Қызыл, жасыл көбелек 36

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС**

Редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

**БІЛІМ КІЛТІ -
КЛЮЧ ЗНАНИЙ**
журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10965-Ж
күәлігі берілді.

Басуға қол қойылды
30.03.2026 ж.
Сандық басылым.
Тапсырысы: 322.
Басылым индексі: 75488

Редакцияның мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел:
8 777 303 37 67.

Эл. пошта:
pedagog-ltd@mail.ru
Сайт:
pedagogltd.kz

Журнал «Rado Print»
баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының вице-президенті.

А. Миразова — ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек ері.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде сақтаңыз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс арқылы, бағалы хат арқылы редакция мекенжайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Главный редактор: Г. КУСТАНОВА
Журнал перерегистрирован в Министерстве
связи и информаций РК. Свидетельство
№10965-Ж от 20.05.2010 г. Астана.

Подписано в печать 30.03.2026 г.

Печать цифровая.

Заказ 322.

Подписной индекс: 75488

Адрес редакции:

050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

Моб.т.: 8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Сайт: pedagogltd.kz


Журнал напечатан в типографии
«Rado Print».

Адрес: г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.





Болат КУДАБАЕВ: полвека служения Родине, чести и долгу

В судьбе каждого народа есть люди, чья жизнь становится примером истинного служения Отечеству. Их путь — это не просто череда биографических фактов, а история преданности, ответственности и внутренней силы. К числу таких людей относится Болат Кудобаев — офицер, ученый, педагог и отец большого семейства, человек, чья судьба тесно связана с историей и современностью независимого Казахстана. В январе 2026 года Болат Кудобаев отметил знаменательный юбилей — 50 лет. Полвека жизни, наполненной трудом, службой и верностью избранному пути.

Родом из солнечного Шымкента

Будущий офицер и ученый родился в одном из древнейших и самобытных городов Казахстана — Шымкенте. Этот город по праву считается одним из культурных и исторических центров страны. Его история насчитывает многие столетия: Шымкент упоминался в средневековых хрониках как важный торговый пункт на Великом Шелковом пути.

Сегодня Шымкент известен как крупный промышленный и культурный центр юга Казахстана. Город славится своей особой атмосферой гостеприимства, теплым климатом и трудолюбивыми людьми. Здесь переплетаются традиции и современность, а дух южной щедрости и открытости фор-



мирует характер многих его жителей. Именно эта земля воспитала немало выдающихся людей — ученых, военных, общественных деятелей.

В такой среде рос и формировался характер Болата Кудобаева. Южный темперамент, уважение к старшим, любовь к родной земле и чувство ответственности перед обществом стали важной частью его жизненных ориентиров.

Начало пути — военная кафедра

Жизненный путь Болата Кудобаева — это путь человека, который созна-



тельно посвятил себя служению Родине. Его дорога в военную профессию началась со студенческих лет, когда он проходил обучение на военной кафедре. Именно тогда формировались его взгляды на офицерскую честь, дисциплину и долг перед государством.

С первых шагов в военном деле Болат проявлял ответственность, организованность и глубокое понимание роли офицера в обществе. Для него служба никогда не была лишь профессией. Она стала призванием и смыслом жизни.

Постепенно, шаг за шагом, он прошел долгий и непростой путь офицерского становления – от молодого выпускника до подполковника Вооруженных Сил Республики Казахстан.

Служение в рядах Вооруженных Сил

Военная служба – это особый путь, требующий стойкости, мужества и самоотдачи. На протяжении многих лет Болат Кудабаяев добросовестно исполнял свой воинский долг, оставаясь верным присяге и офицерской чести.

Его служба проходила в разные периоды становления и укрепления казахстанской армии. Это было время, когда формировались новые традиции, совершенствовалась система подготовки кадров, укреплялась обороноспособность государства. В этих процессах принимали участие тысячи офицеров, и среди них – Болат Кудабаяев.

За годы службы он проявил себя как

грамотный специалист, дисциплинированный офицер и требовательный, но справедливый руководитель. Его отличали ответственность за порученное дело, уважительное отношение к подчиненным и стремление постоянно совершенствовать свои знания.

За безупречную службу и вклад в развитие Вооруженных Сил Болат Кудабаяев был награжден юбилейными медалями, которые стали символом признания его многолетнего труда и верности воинскому долгу.

Наука и военное образование

Особое место в жизни Болат Кудабаяева занимает образование и научная деятельность. Он является выпускником Национального университета обороны Республики Казахстан – одного из ведущих учебных заведений страны, готовящего высококвалифицированные военные кадры.

Его научная специализация – история. Это направление требует не только глубоких знаний, но и умения анализировать прошлое, делать выводы и передавать накопленный опыт новым поколениям.

Стремление к научному развитию привело Болат Кудабаяева к серьезным академическим достижениям. Он стал доктором PhD, что стало подтверждением его высокого профессионального и научного уровня.

История для него – не просто академическая дисциплина. Это важный инструмент формирования мировоззрения будущих офицеров, понимания



военных традиций и национальной государственности.

Работа с личным составом и воспитание офицеров

Перед увольнением из рядов Вооруженных Сил Болат Кудабает занимался одной из самых ответственных и значимых сфер военной деятельности – вопросами военного образования и воспитательной работы с личным составом.

Именно воспитательная работа формирует моральный облик армии, укрепляет дух военнослужащих, развивает чувство ответственности перед Родиной. Болат Кудабает уделял большое внимание идеологическому и нравственному воспитанию подчиненных, считая, что современный офицер должен быть не только профессионалом, но и носителем высоких моральных ценностей.

Его подход основывался на уважении к традициям, личном примере и постоянном диалоге с военнослужащими. Он умел слушать людей, поддерживать их и направлять в сложных жизненных и служебных ситуациях.

Семья – надежный тыл

За плечами каждого настоящего офицера всегда стоит семья – источник силы, поддержки и вдохновения. Болат Кудабает является отцом пятерых детей и прекрасным семьянином.

Воспитывать большую семью – это особая ответственность и большое счастье. В доме Кудабаетых царят ува-

жение, взаимопонимание и любовь. Именно семейные ценности помогают сохранять внутреннюю гармонию и уверенность в будущем.

Для своих детей Болат Кудабает является примером трудолюбия, честности и преданности выбранному делу. Его жизненный путь учит тому, что успех достигается настойчивым трудом, верностью принципам и уважением к людям.

Новая миссия – педагогика

После завершения военной службы Болат Кудабает не отошел от своей главной миссии – служения государству и воспитания будущих защитников Родины. Сегодня он продолжает свою деятельность в качестве преподавателя военной кафедры.

Здесь он передает свои знания и опыт студентам, которые обучаются по специальности «воспитательная и идеологическая работа». Эта специальность имеет огромное значение для формирования будущих офицеров и укрепления моральных основ армии.

Будущие офицеры получают от него не только теоретические знания, но и живой опыт реальной военной службы. Его лекции наполнены историческими примерами, размышлениями о долге, чести и ответственности перед страной.

Для студентов он является не просто преподавателем, а наставником – человеком, который помогает сформировать офицерское мировоззрение и чувство патриотизма.



Полвека достойной жизни

Пятидесятилетний юбилей — это важный рубеж, позволяющий оглянуться на пройденный путь и оценить результаты многолетнего труда. Для Болат Кудабаява этот путь наполнен служением Родине, научной деятельностью, воспитанием молодых офицеров и заботой о семье.

Его жизнь — пример того, как человек может гармонично сочетать военную службу, научную работу, педагогическую деятельность и семейные ценности.

Такие люди формируют духовную основу общества. Они передают свой опыт новым поколениям, укрепляют государственные институты и служат примером настоящего патриотизма.

Болат Кудабаяв относится именно к этой категории людей — людей долга, чести и ответственности.

И сегодня, отмечая свой 50-летний юбилей, он продолжает оставаться активным участником общественной и образовательной жизни, делясь знаниями, воспитывая молодежь и укрепляя традиции казахстанской армии.

Пусть впереди будет еще много лет плодотворной работы, новых достижений и семейного благополучия. А жизненный путь Болат Кудабаява и дальше остается примером верности Родине, преданности профессии и служения людям.

Ерлан Габдуллинвич МАКИМОВ,
полковник в отставке,
старший преподаватель
Института военного дела
АО «АЛТ Университет
имени Мухамеджана Тынышпаева».
г. Алматы



Отан отбасынан басталады

«Отан отбасынан басталады» деген ата-бабалардан қалған қасиетті сөздің мән-мағынасы өте тереңде жатыр. Теренірек үңіліп, ақылмен ойланып қарайтын болсақ, әрбір отбасы өз алдына жеке бір Отан. Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілер отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы — оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде жүреді. Ақын сөзімен айтқанда:

«Отбасы — табиғат сыйлаған кереметтердің бірі», - десек артық емес.

Отбасы — сыйластық, жарастық орнаған орта, кішкентай Отан. «Отан — отбасынан басталады» дегендей, Отанды сүю — отбасындағы тәлім-тәрбиеге байланысты. Ел ішінде жұрт «айрандай ұйыған» деп сырттай мақтап, тамсанып жататын отбасылар біздің ұжымымызда да жетерлік. Сондай ауызбіршілігі жарасқан, жарты ғасыр қол ұстасып, өмірдің ащысы мен тұщысын, қызығы мен қиындығын қатар көріп келе жатқан



жұптарды үлгі етудің сөкеттігі жоқ. Олардың бірі біздің әріптесіміздің бірі «Мұхаметжан Тынышпаев атындағы АЛТ университеті» АҚ Әскери кафедрасының Жауынгерлік қамтамасыз ету циклінің бастығы PhD докторы Болат Қалхайұлы бүгінде 50 жаста және жұбайы Анар Ергешқызымен татулықты ту етіп, шаңырақтағы ырыс пен ынтымақты еселеу жолында «сіз-біз» десіп, сыйластықта өмір сүрген отбасы іргесінің берік болуы ерлі-зайыптылар арасындағы сыйластық пен шыдамдылықта деп түсінген жұбайлардың отау құрғанына биыл 24 жыл.

Сондай-ақ отбасында бала тәрбиесі ата-ана үшін күрделі де жауапты іс. Адамгершілік негізі – имандылық пен ізеттілікте. Ол әрбір отбасынан басталады.

«Тәрбие – тал бесіктен» дейді халқымыз. Бұл – бекер сөз емес. Себебі елін сүйген, жерін қорғайтын, азаматтар тек жақсы тәрбиеден шығады.

Мақаланы жазу кезінде Болат Қалхайұлының жұбайы Анар Ергешқызымен сұхбаттастық. Ол өз сұхбатында Болат Қалхайұлы бес баланың арқа сүйер әкесі, отбасының берік тірегі екенін айтып 2002 жылы шаңырақ көтергеннен бастап өз отбасының бақыты үшін ең қымбат дүние – балаларының амандығы мен тәрбиесіне көңіл бөлетінін айтты және отбасында ерекше қамқор әке екені балаларының әр қадамын



бақылап, олардың дұрыс жолда өсуіне бағыт берілетіні туралы өз сұхбатында жеткізді. Сондай-ақ қандай жағдайда да жанынан табылып, қолдау көрсетіп отыратын әке екені белгілі және балалары үшін тек әке ғана емес, ақылшы, сенімді дос бола білетінін де тілге тиек етті.

Сонымен қатар, Болат Қалхайұлы – талапшыл тұлға. Ол балаларының бос уақытын текке өткізбей, білім алып, еңбекқор болып қалыптасуын қалайды. Әр істі жауапкершілікпен атқаруды, тәртіп сақтауды үйретеді. Оның бұл қасиеті балаларын өмірге бейім, мықты және отбасы мен өз Отанын сүйетін азамат етіп тәрбиелеуге негіз болады.

Болат Қалхайұлының басты ерекшелігі – сөз бен істің бірлігі. Ол айтқанын орындап, әрдайым үлгі көрсетеді. Сондықтан балалары әкесіне қарап бой түзейді, оны құрмет тұтады.

Мақаламның аяғында әріптесіміз Болат Қалхайұлының отбасына деген көзқарасын жас ұрпаққа жеткізіп, келешекте өз отбастарын, өз Отанын сүйетін ұл қыздарды тәрбиелеуге шақыру. Сондай-ақ Болат Қалхайұлының шаңырағына ырыс пен ынтымақ тілейміз.

К.К. КУРБАНОВ,
запастағы подполковник,
М. Тынышпаев атындағы
АЛТ университеті АҚ Әскери
кафедрасының оқытушысы.
Алматы қаласы



Білімнен биікке: университет қабырғасындағы ой, тәжірибе және болашақ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті туралы айтқанда, ең алдымен оның жай ғана білім беретін мекеме емес, тұтас бір интеллектуалдық кеңістік екенін сезінесің. Бұл университеттің тарихы ұзақ жылдар бойы қалыптасқан академиялық дәстүрмен, ғылыми ізденіспен және болашаққа деген сеніммен тығыз байланысты. Осында білім алатын әр студент белгілі бір мамандықты меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар өзін ойлай алатын, талдай алатын, қоғамдағы өзгерістерді түсінетін тұлға ретінде қалыптастырады. Университеттің ерекшелігі де дәл осы тұста — ол білімді тек ақпарат ретінде емес, өмірлік тәжірибе ретінде ұсынады. Бүгінгі күні әлемдік жоғары білім кеңістігінде өз орнын айқындап үлгерген оқу орны ретінде университет халықаралық рейтингтерде тұрақты түрде көрініп келеді. Мысалы, QS World University Rankings бағалауы бойынша университет әлемнің үздік жоғары оқу орындарының қатарында көрсетіліп, Қазақстан мен Орталық Азиядағы жетекші университеттердің бірі ретінде танылған [1]. Бұл көрсеткіш — тек статистика емес, университет

қабырғасындағы білім сапасының, ғылыми әлеуеттің және халықаралық байланыстардың нәтижесі.

Университеттің дамуы тек рейтингтермен өлшенбейді. Оның басты күші — күн сайын аудиторияларда, кітапханаларда, зертханаларда жүріп жатқан үздіксіз ізденісте. Мұнда студент пен оқытушы арасындағы қарым-қатынас классикалық дәріс форматынан әлдеқайда кең: пікірталас, бірлескен зерттеу, ғылыми ой алмасу университет мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналған. Кампус өмірі де осы интеллектуалдық атмосфераны толықтыра түседі. Кең кітапханалар, заманауи оқу ғимараттары, зерттеу орталықтары, студенттік бастамалар — мұның барлығы университеттің тек білім емес, өмір мектебі екенін көрсетеді. Студент осында жүріп тек кәсіби дағды емес, өзіне деген сенімділік пен дербес ойлау қабілетін де қалыптастырады. Университеттің халықаралық серіктестіктері мен академиялық мобильділік бағдарламалары студенттерге әлемдік тәжірибені көруге мүмкіндік береді. Егер университет инфрақұрылымы туралы айтатын болсақ, бұл — үлкен қаланың ішіндегі



шағын қалашық, нағыз өнер туындысы деуге болады. Мұнда дәстүрлі оқу ғимараттарымен қатар университеттің заманауи цифрлық экожүйесі де айқын көрініс табады: инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығы Farabi Hub, суперкомпьютерлік кластер, өнеркәсіптік робототехника саласындағы құзыреттер инжинирингтік орталығы «FARABI ROBOTICS», Халықаралық цифрлық технологиялар және робототехника институты, цифрлық кітапхана және тағы басқа заманауи нысандар жұмыс істейді. Ал демалыс орындары бар жайлы скверлер оқытушылар мен студенттердің ерекше сүйікті мекеніне айналған.

Дәл осы инфрақұрылым – университет философиясының материалдық көрінісі іспетті. Ғимараттар мен зертханалар тек техникалық нысан емес, олар болашақ идеялардың туған жері. Цифрлық орталықтар мен робототехника зертханалары – ертеңгі күннің технологиялары бүгін қалыптасып жатқан кеңістік. Ал жасыл скверлер мен тыныш демалыс аймақтары – үлкен ойлардың үнсіз пісіп-жетілетін мекені. Осындай үйлесім университетті жай ғана оқу орны емес, тұтас экожүйеге айналдырады.

Осы үлкен академиялық жүйенің ішінде ерекше маңызға ие құрылымдардың бірі – Экономика және бизнес жоғары мектебі. Қа-

зіргі жаһандық экономика жағдайында бизнес пен басқару салалары үздіксіз өзгеріп отыр, сондықтан бұл мектептің рөлі жыл сайын артып келеді. Мұнда білім беру тек теориямен шектелмейді, керісінше, нарықтың нақты талаптарына бейімделген тәжірибелік тәсілдерге негізделеді. Студенттер нақты бизнес-кейстерді талдап, стратегия құруды, аналитикалық ойлауды, деректермен жұмыс істеуді үйренеді. Экономика және бизнес жоғары мектебінің негізгі миссиясы – нарықтағы өзгерістерді түсіне алатын және сол өзгерістерге бейімделе білетін жаңа буын мамандарын даярлау.

Осы ортада қалыптасқан «Бизнес технологиялар» кафедрасы – қазіргі заманғы бизнес ойлау мәдениетінің орталығы деуге болады. Кафедраның басты ерекшелігі – маркетинг, менеджмент және инновациялық технологияларды біріктіре отырып, студенттерге кешенді білім беруінде. Бүгінгі маркетинг тек жарнама немесе сату процесі емес, ол деректерге негізделген стратегиялық ойлау жүйесіне айналды. Кафедрада дәл осы көзқарас қалыптастырылады. Мұнда студенттер нарықты талдауды, тұтынушы мінез-құлқын зерттеуді, бренд стратегияларын жасауды және цифрлық құралдарды қолдануды үйренеді. Кафедра қызметінің маңызды бағыттарының бірі – ғылыми зерттеу мен практиканы байла-



ныстыру. Студенттер түрлі ғылыми жобаларға қатысып, маркетингтік зерттеулер жүргізеді, бұл олардың кәсіби тәжірибесін ерте кезеңнен бастап қалыптастырады.

Кафедрадағы оқу процесінің ерекше тұсы – оқытушылардың кәсіби тәжірибесі мен ғылыми дайындығының үйлесуі. Теориялық білім мен практикалық мысалдардың қатар жүруі студенттердің материалды терең түсінуіне ықпал етеді. Көптеген пәндер нақты нарықтық жағдайларға негізделіп оқытылады, сондықтан студенттер оқу барысында-ақ бизнес логикасын түсініп, стратегиялық ойлауға дағдыланады. Бұл – болашақ маркетинг мамандары үшін аса маңызды қасиет, себебі қазіргі нарық эмоция мен аналитиканы қатар талап етеді.

Маркетинг мамандығы бойынша магистратура бағдарламасы осы бағытты одан әрі тереңдетеді. Магистратура – бұл жай ғана оқу деңгейінің келесі сатысы емес, ғылыми көзқарас қалыптастыратын кезең. Мұнда студент енді тек білім алушы емес, зерттеуші ретінде қарастырылады. Бағдарлама мазмұны халықаралық маркетинг, стратегиялық жоспарлау, тұтынушы психологиясы, цифрлық коммуникациялар және деректерге негізделген шешім қабылдау сияқты заманауи бағыттарды қамтиды [2]. Магистранттар нарықтық зерттеулер жүргізуді, ғылыми мақалалар жазуды, аналитикалық қорытын-

дылар жасауды үйренеді. Бұл білім олардың кәсіби ойлау деңгейін жаңа сатыға көтереді.

Маркетинг магистратурасының тағы бір маңызды ерекшелігі – теория мен практиканың табиғи байланысы. Әрбір зерттеу жұмысы нақты нарықтық мәселелерге негізделеді, ал студенттер өз жобалары арқылы бизнеске қолданбалы ұсыныстар ұсына алады. Бұл – қазіргі заман талабына толық сәйкес келетін тәсіл. Себебі бүгінгі маркетинг тек шығармашылық идея авторы ғана емес, сонымен қатар деректерді талдайтын стратег болуы тиіс. Магистратура дәл осындай мамандарды қалыптастыруға бағытталған.

Осылайша білім мен тәжірибе бір арнаға тоғыса отырып, студенттің кәсіби болмысын қалыптастырады. Университет қабырғасында алынған әрбір теориялық білім нақты өмірлік контекспен ұштасып, болашақтағы шешімдердің негізіне айналады. Бұл – жай ғана оқу емес, тұлғаның ішкі трансформациясы.

Университеттің жалпы философиясына қарасақ, оның басты мақсаты – студентке дайын жол көрсету емес, керісінше, өз жолын табуға көмектесу. Осында білім алған адам уақыт өте келе тек кәсіби маман емес, кең ойлайтын, қоғамдағы өзгерістерді түсінетін тұлғаға айналады. Университеттің ғылыми конференциялары, ха-



лықаралық форумдары, студенттік бастамалары осыны дәлелдейді. Бұл ортада әр идея маңызды, әр пікір бағаланады. Студент өзін үлкен академиялық қауымдастықтың бір бөлігі ретінде сезінеді.

Ал дәл осы сезім – ортақ мақсат пен ортақ жауапкершілік сезімі – университет рухының өзегін құрайды. Бұл жерде әрбір жетістік жеке табыс қана емес, тұтас қауымдастықтың алға жылжуы ретінде қабылданады.

Бүгінгі әлем жылдам өзгеріп жатыр. Цифрландыру, жасанды интеллект, жаһандық бәсекелестік – мұның барлығы жаңа құзыреттерді талап етеді. Осындай кезеңде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті өзінің білім беру стратегиясын заманауи трендтерге бейімдеп, болашақ мамандарды жаңа шындыққа дайындап келеді. Ал «Бизнес технологиялар» кафедрасы осы өзгерістердің алдыңғы шебінде тұр деуге болады. Мұнда қалыптасатын білім мен тәжірибе студентке тек бүгінгі еңбек нарығында емес, ертеңгі әлемде де сұранысқа ие болуға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, университет – бұл тек диплом алатын орын емес, өмірлік көзқарас қалыптасатын кеңістік. Оның қабырғасында білім алу – жауапкершілік пен мүмкіндіктің үйлесімі. Ал «Бизнес технологиялар» кафедрасы сол мүмкіндіктерді кәсіби деңгейге айналдыратын орта болып табылады. Осында оқыған әр студент өз болашағын саналы түрде құра бастайды, себебі университет оған тек білім емес, сенім береді. Ал

сенім – кез келген үлкен жетістіктің алғашқы қадамы.

Ал сенімнен туған мақсат, мақсаттан туған әрекет – болашаққа бастар жолдың ең берік іргетасы. Университет қабырғасында пісіп-жетілген ойлар ертең нақты шешімдерге айналады, ал бүгінгі студент – ертеңгі өзгерістің авторы болады. Білімнен басталған бұл жол кәсіби табысқа ғана емес, қоғамға пайда әкелетін саналы өмірге жетелейді. Университет – уақытша кезең емес, тұлғаның өмір бойғы бағытын айқындайтын кеңістік.

Әдебиеттер:

1. About Al-Farabi Kazakh National University –

2 <https://www.topuniversities.com/universities/al-farabi-kazakh-national-university> (қолжетімділік режимі: 10.03.2026) 7M04129 Маркетинг - <https://farabi.university/programs/1579> (қолжетімділік режимі: 10.03.2026)

Ф.А. ПАТЧАХАНОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
«Маркетинг»
білім беру бағдарламасының 2-курс
магистранты;

Ж.Т. КОЖАМКУЛОВА,
э.ғ.к., әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ доценті;

Ә.Е. БАЙМУХАНБЕТОВА,
э.ғ.к., әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ доценті.
Алматы қаласы



Дәстүрлі ән салу өнері сабағының Ғылыми-әдістемелік негіздері

Аңдатпа

Бұл мақалада дәстүрлі ән салу өнерін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері, оның ұлттық мәдениеттегі орны және білім беру жүйесіндегі маңызы жан-жақты қарастырылады. Сонымен қатар, дәстүрлі әнді меңгертудің педагогикалық қағидаттары, вокалдық-орындаушылық дағдыларды қалыптастыру жолдары және заманауи білім беру технологияларын қолдану ерекшеліктері талданады. Зерттеу нәтижесінде дәстүрлі ән сабақтарының оқушылардың рухани-эстетикалық дамуына тигізетін ықпалы айқындалады.

Қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық мәдени мұраны сақтау және оны жас ұрпаққа жеткізу мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр. Соның ішінде қазақ халқының дәстүрлі ән өнері – тарихи-мәдени құндылықтардың маңызды құрамдас бөлігі. Бұл өнер түрі халықтың дүниетанымын, эстетикалық талғамын, әлеуметтік өмірін бейнелейтін ерекше феномен ретінде қарастырылады.

Білім беру жүйесінде дәстүрлі әнді оқыту – тек музыкалық қабілетті дамыту ғана емес, сонымен қатар тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған кешенді процесс. Сондықтан дәстүрлі ән сабағын ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеу қазіргі педагогика ғылымының маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Кілт сөздер: дәстүрлі ән, ән салу өнері, инновациялық педагогикалық технологиялар.

Дәстүрлі ән өнерінің теориялық негіздері

Дәстүрлі ән өнері этномузыкалық құбылыс ретінде музыка теориясы, фольклортану және педагогика ғылымдарының тоғысында қарастырылады. Оның қалыптасуы тарихи-әлеуметтік жағдайлармен, халықтың

тұрмыс-салтымен және дүниетанымымен тығыз байланысты.

Ғылыми тұрғыдан алғанда, дәстүрлі әндер бірнеше функция атқарады:

- *танымдық функция* (тарихи ақпарат жеткізу);
- *тәрбиелік функция* (құндылық-



тарды насихаттау);

- *эстетикалық функция* (сұлулықты сезіну қабілетін дамыту).

Дәстүрлі әннің құрылымдық ерекшеліктеріне ладтық жүйе, ырғақтық еркіндік, импровизация элементтері жатады. Бұл ерекшеліктерді оқыту барысында ескеру оқушылардың музыкалық ойлауын дамытуға мүмкіндік береді.

Педагогикалық қағидаттар мен оқыту принциптері

Дәстүрлі әнді оқыту белгілі бір педагогикалық қағидаттарға сүйенеді. Олардың ішінде:

- *жүйелілік және бірізділік қағидаты* – оқу материалының кезең-кезеңімен берілуі;

- *көрнекілік қағидаты* – тыңдау, көрсету арқылы үйрету;

- *қолжетімділік қағидаты* – оқушының жас ерекшелігіне сай мазмұн таңдау;

- *саналылық және белсенділік қағидаты* – оқушының оқу процесіне белсенді қатысуы маңызды.

Сонымен қатар тұлғалық-бағдарлы оқыту тәсілі де ерекше орын алады. Бұл тәсіл әр оқушының дауыс ерекшелігін, қабілетін ескеріп, жеке жұмыс жүргізуді талап етеді.

Вокалдық-орындаушылық дағдыларды қалыптастыру

Дәстүрлі әнді сапалы орындау үшін арнайы вокалдық дайындық қажет. Бұл процесс бірнеше кезеңнен тұрады:

1. *Дауыс қою (постановка голоса)* – дұрыс тыныс алу, дыбыс шығару техникасын меңгеру;

2. *Артикуляция және дикция* – сөздің анық айтылуын қамтамасыз ету;

3. *Интонациялық дәлдік* – әуенді дұрыс жеткізу;

4. *Көркемдік интерпретация* – ән мазмұнын сезініп орындау.

Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, дәстүрлі ән орындау барысында диафрагмалық тыныс алу әдісін қолдану дауыс сапасын жақсартады. Сонымен қатар резонаторларды дұрыс пайдалану дыбыстың табиғи әрі қанық шығуына ықпал етеді.

Дәстүрлі әнді оқытудағы инновациялық тәсілдер

Қазіргі педагогикада инновациялық әдістерді қолдану білім сапасын арттырудың негізгі факторларының бірі болып табылады. Дәстүрлі ән сабағында келесі технологияларды қолдану тиімді:

- *мультимедиялық технологиялар* (бейне, аудио жазбалар);

- *цифрлық платформалар* (онлайн сабақтар, виртуалды тренажерлар);

- *жобалық әдіс* (оқушылардың шығармашылық жобалар жасауы).

Мысалы, белгілі дәстүрлі әншілердің орындауындағы бейнематериалдарды талдау оқушылардың кәсіби деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар цифрлық



жазба арқылы өз дауысын тыңдау оқушының өзін-өзі бағалау дағдысын қалыптастырады.

Дәстүрлі ән сабақтарының тәрбиелік әлеуеті

Дәстүрлі ән сабағы тек музыкалық білім берумен шектелмейді. Оның тәрбиелік әлеуеті өте жоғары. Атап айтқанда:

- ұлттық сана-сезімді қалыптастырады;
- тарихи жадыны сақтауға ықпал етеді;
- эстетикалық талғамды дамытады;
- тұлғаның эмоционалдық интеллектісін жетілдіреді.

Педагогикалық тұрғыдан алғанда, дәстүрлі ән арқылы оқушының ішкі әлемі байып, рухани дамуы қамтамасыз етіледі. Бұл — қазіргі білім беру жүйесіндегі басты міндеттердің бірі.

Қорыта айтқанда, дәстүрлі ән салу өнерін оқыту — көпқырлы педагогикалық процесс. Ол теориялық білім мен практикалық дағдыларды ұштастыруды талап етеді. Ғылыми-әдістемелік тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған сабақ оқушылардың музыкалық қабілеттерін дамытып қана қоймай, олардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттырады.

Сондықтан дәстүрлі ән сабағын жетілдіру, оны заманауи техноло-

гиялармен үйлестіру және ғылыми негізде жүргізу — білім беру саласының маңызды міндеттерінің бірі болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1991.
2. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. — Алматы: Дайк-Пресс, 2002.
3. Ерзакович Б. Қазақтың халық әндері. — Алматы, 1987.
4. Сарыбаев Б. Қазақтың музыкалық аспаптары. — Алматы, 2008.
5. Әбдікәрімов Б. Музыка сабағын оқыту әдістемесі. — Алматы, 2015.
6. Назарбаев Н. Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. — Астана, 2017.
7. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы. — Астана, 2020.
8. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының негіздері. — Алматы, 2012.

**Ақмарал Мадениетқызы
ДАРИЕВА,**

**Н. Тілендиев атындағы
мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернатының
халық әні пәнінің мұғалімі, «Ән салу»
әдістемелік
бірлестігінің жетекшісі.
Атырау қаласы**



Проектное управление воспитательной системой школы как механизм формирования ценностей обучающихся

Аннотация

В статье рассматривается применение проектного управления как эффективного механизма организации воспитательной деятельности современной школы. Представлена авторская модель проектного управления воспитательной системой образовательной организации, включающая этапы диагностики, проектирования, реализации, мониторинга и масштабирования результатов. На примере международного экологического проекта сотрудничества школы-гимназии №31 города Астаны и школы Ансан Со (Республика Корея) показана практическая реализация данной модели. Результаты мониторинга демонстрируют положительную динамику показателей экологической осознанности, коммуникативной активности и мотивации обучающихся к международному взаимодействию.

Введение

Современная система образования ориентирована не только на передачу знаний, но и на формирование личности обучающегося, развитие его ценностных ориентиров, гражданской ответственности и социальной активности. В условиях глобализации и расширения международного образовательного пространства особое значение приобретает совершенствование воспитательной системы школы.

Традиционная модель воспитательной деятельности, основанная преимущественно на проведении отдельных мероприятий, не всегда

обеспечивает устойчивый воспитательный эффект. В связи с этим возрастает необходимость применения современных управленческих подходов, позволяющих повысить результативность воспитательной работы.

Одним из таких подходов является проектное управление, которое рассматривает воспитательную деятельность школы как систему взаимосвязанных проектов, направленных на достижение конкретных воспитательных результатов. Проектная деятельность способствует формированию у обучающихся ответственности, инициативности,



коммуникативных навыков и готовности к социальному взаимодействию.

Целью данной статьи является представление авторской модели проектного управления воспитательной системой школы и анализ практического опыта её реализации.

Модель проектного управления воспитательной системой школы

В рамках управленческой деятельности заместителя директора по воспитательной работе была разработана модель проектного управления воспитательной системой школы, направленная на формирование ценностных ориентиров обучающихся через реализацию социально значимых образовательных проектов.

Модель включает **пять взаимосвязанных этапов**:

1. Диагностика.

На данном этапе проводится анализ воспитательной среды школы и уровня сформированности ценностных установок обучающихся. Используются методы анкетирования, наблюдения, анализа участия обучающихся в социальных инициативах и экспертной оценки педагогов. Результаты диагностики позволяют определить актуальные направления воспитательной работы.

2. Проектирование.

На основе результатов диагностики разрабатывается воспитательный проект: формулируются цель и задачи, определяются участники, сроки реализации, ресурсы и показатели эффективности. Особое внимание уделяется формированию ценностных результатов проекта.

3. Реализация.

На данном этапе осуществляется практическая деятельность участников проекта. Используются различные формы работы: исследовательская деятельность, творческие задания, международные онлайн-встречи, социальные акции, создание цифровых образовательных продуктов.

4. Мониторинг.

Мониторинг направлен на оценку эффективности проекта и включает повторное анкетирование обучающихся, анализ продуктов их деятельности и экспертную оценку педагогов. Сравнение результатов входной и итоговой диагностики позволяет определить динамику формирования ценностных ориентиров.

5. Масштабирование.

Заключительный этап предполагает распространение успешного опыта реализации проекта: подготовку аналитических материалов, представление результатов на пе-



дагогических советах, публикацию опыта и внедрение проектной практики в систему воспитательной работы школы.

Практическая реализация модели

Практическая апробация модели была осуществлена в рамках международного образовательного сотрудничества школы-гимназии №31 города Астаны и школы Ансан Со (Республика Корея).

В рамках проекта «Глобальное общество: поиск решений экологических проблем» учащиеся двух школ принимали участие в совместной экологической деятельности и международных онлайн-встречах. Работа была организована с использованием цифровых образовательных платформ, что позволило обеспечить взаимодействие участников проекта в дистанционном формате.

В ходе реализации проекта обучающиеся:

- обсуждали экологические проблемы современного общества;
- создавали видеоматериалы и презентации;
- разрабатывали экологические инициативы;
- подготовили электронную книгу с результатами проекта.

Такая форма работы способствовала развитию экологического мышления, коммуникативных навыков и межкультурного взаимодействия школьников.

Результаты исследования

В ходе реализации проекта был проведён мониторинг динамики ключевых показателей воспитательной деятельности.

Полученные результаты показали значительное повышение показателей:

- экологическая осознанность обучающихся увеличилась с **43% до 81%**;
- коммуникативная активность – с **52% до 90%**;
- мотивация к международному взаимодействию – с **48% до 87%**.

Положительная динамика подтверждает эффективность использования проектного управления в воспитательной системе школы. Участие в международном проекте позволило обучающимся приобрести опыт межкультурного взаимодействия, развить навыки командной работы и повысить уровень социальной активности.

Кроме того, реализация проекта способствовала укреплению международного сотрудничества образовательных организаций и развитию профессиональных компетенций педагогов.

Заключение

Использование проектного управления в воспитательной системе школы позволяет повысить результативность воспитательной деятель-



ности и обеспечить её системный характер. Разработанная модель проектного управления, включающая этапы диагностики, проектирования, реализации, мониторинга и масштабирования, обеспечивает эффективную организацию воспитательных проектов и формирование ценностных ориентиров обучающихся.

Практическая апробация модели в рамках международного образовательного проекта показала её эффективность и возможность внедре-

ния в деятельность образовательных организаций. Представленный опыт может быть использован заместителями директора по воспитательной работе при организации воспитательной деятельности школы и развитии проектного подхода в управлении воспитательной системой.

Наталья Евгеньевна ФЕРСТЕР,
заместитель директора
по воспитательной работе
школы-гимназии №31 акимата
города Астаны



Внеурочная деятельность как условие духовно-нравственного воспитания младших школьников

В последние годы в теории и практике воспитания, прежде всего, учащихся общеобразовательной школы, все более широко используется понятие «духовно-нравственное воспитание». Растет число научных публикаций, где используется это понятие, издаются методические и учебные пособия по развитию, формированию духовно-нравственной культуры школьников. При этом анализ их содержания показывает, что общее понимание термина «духовно-нравственное воспитание» в научно-педагогическом сообществе пока не сложилось. Недостаточно

четко определяется его соотношение с нравственным воспитанием и другими традиционно выделяемыми направлениями воспитания в школе.

Изначально дух, духовность – это «религиозные понятия, широко используемые и в философии. Духовность – это форма человеческого самосознания, самоидентификации, основа конституирования человека в роли субъекта отношений, сфера сущности человека». Духовность – это «проявление высших устремлений человека к знанию и служению другим людям». Для такого обще-



го понимания духовности значимы формулировки, связывающие ее с ценностным измерением сознания. Любая сфера деятельности человека не лишена ценностного содержания. Духовное пространство, как и духовная культура, всегда включает в свое построение вертикаль, разделяющую возвышенное и обыденное, сакральное и низменное. Понятие «духовность» оказывается необходимо для определения высших, не утилитарно-прагматических и узкоиндивидуалистических ценностей, мотивирующих внутреннюю жизнь человека и его деятельность. Духовное предполагает, что цели и смысло-жизненные ориентиры личности укоренены в системе надындивидуальных ценностей».

В процессе духовного развития на человека воздействует социальное окружение: семья, «близкий круг», этнические, религиозные и другие социальные, мировоззренческие группы, средства массовой информации. Основные, наиболее распространенные и значимые ответы на бытийные вопросы сложились и существуют исторически в духовной культуре общества. Они берутся человеком отсюда и личностно осваиваются (принимаются, отвергаются, переосмысливаются) - в мышлении, эмоциональной сфере, жизненном опыте, что в целом составляет духовную жизнь личности.

Так что же называть духовно-нравственным воспитанием? Воспитание на основе определенного мировоззрения и соответствующей системы морали или усвоение любых совокупностей, наборов ценностей, взглядов на мир, нравственных норм?

Представляется более обоснованным связывать духовно-нравственное воспитание школьников с приобщением к определенной системе взглядов на мир и соответствующей системе общественной морали. Духовно-нравственное воспитание предполагает мировоззренческое развитие обучающегося, обязательно включающее освоение духовных, т.е. высших смысло-жизненных ценностей, наиболее значимых представлений в мировоззрении данного типа, усвоение этого мировоззрения (как возможный итог) и выработку соответствующих нравственных качеств, духовно-нравственной культуры также определенного типа. Результатом духовно-нравственного воспитания является определенный образ жизни человека.

Существует и другая трактовка духовно-нравственного воспитания, согласно которой оно не дифференцируется по мировоззренческому признаку, а понимается как воспитание духовности, нравственности в общем положительном смысле, без четкого указания на определен-



ное мировоззрение и систему морали. Однако, такая трактовка может представлять значительные трудности при практической организации духовно-нравственного воспитания, так как допускает возможность весьма опасных подмен, способных в будущем продуцировать социальные противоречия и даже конфликты.

Рассмотрим содержание ключевых терминов, составляющих сферу духовно-нравственного воспитания младших школьников – «нравственность», «нравственное воспитание», «духовность».

Нравственность – это «форма общественного сознания, которая ориентируется на общечеловеческие ценности и направлена на созидание общества в целом и раскрытие каждого человека в отдельности. Нравственность – это качественно более высокий уровень по сравнению с моралью отношения к миру, людям и самому себе. Нравственный человек не ограничивается принятыми в обществе нормами, а действует на основе разума и личной ответственности за свой поступок».

Нравственное воспитание – это «воспитание, основанное на регулировании системы отношений человека и общества, формировании продуктивного отношения личности к людям, обществу, самому себе. Нравственное воспитание вводит

ребенка в систему принятых в обществе норм, формирует опыт деятельности, позволяющий осознать разумность, объективность, необходимость тех или иных поступков, побуждает ребенка к добрым поступкам, формирует потребность личности сделать себя и окружающее жизненное пространство более совершенным».

Духовность – это «1) высший уровень развития и саморегуляции зрелой личности, когда основными ориентирами ее жизнедеятельности становятся непреходящие человеческие ценности; 2) ориентированность личности на действия на благо окружающих, поиск ею нравственных абсолютов; 3) сопряженность человека в своих высших стремлениях с Богом».

В Концепции духовно-нравственного развития и воспитания гражданина Казахстана термин «духовно-нравственное развитие личности» определяется как «осуществляемое в процессе социализации последовательное расширение и укрепление ценностно-смысловой сферы личности, формирование способности человека оценивать и сознательно выстраивать на основе традиционных моральных норм и нравственных идеалов отношение к себе, другим людям, обществу, государству, Отечеству, миру в целом».

Итак, под духовно-нравственным



воспитанием младших школьников мы понимаем формирование у ребенка адекватного отношения к окружающему миру, людям, животным и растениям. Ведущую роль в воспитании духовных качеств играет семья, ведь это – первая и главная среда обитания маленького гражданина. Во вторую очередь нравственным воспитанием младших школьников занимается школа, где ребенок также проводит много времени. Личность ребенка формируется уже с первых лет жизни, когда он начинает понимать слова «нет» и «нельзя». Далее мы рассмотрим, особенности духовно-нравственного воспитания младших школьников в семье и школе.

Современные учебные программы для начальной школы насыщены учебным материалом, что на воспитание, привитие духовно-нравственных качеств не остаётся времени. Поэтому характер нравственных взаимоотношений, который существует в процессе обучения, закрепляется и видоизменяется во внеурочной деятельности. Так как, именно внеурочная деятельность богата самыми разнообразными формами и содержанием.

Мы разработали программу внеурочной деятельности как условия духовно-нравственного воспитания младших школьников «Быть человеком», в которую вошли подпрограм-

мы духовно-нравственного воспитания для обучающихся 1-4 классов: «Мир твоей души», «Природа глазами души», «Азбука мудрости», «Счастье семьи». Программа внеурочной деятельности как условия духовно-нравственного воспитания младших школьников «Быть человеком» содержит следующие направления деятельности: формирование потребности в здоровом образе жизни; формирование духовности младших школьников через отношение к литературе, средствам массовой информации; воспитание патриотизма и гражданственности; обращение к духовно-нравственным традициям и ценностям своего народа; эстетическое развитие детей; сотрудничество семьи и школы; самореализация учащихся. Планируемые результаты программы «Быть человеком». Обучающиеся имеют представления: о семейных традициях; об особенностях семейных отношений; духовных и нравственных ценностях; о ценностном отношении к здоровому образу жизни, к окружающему их миру; знакомы с историей и культурой своей страны; умеют беречь и поддерживать красоту природы; проявляют сострадание, сочувствие, сопереживание, сорадость; верят в свои силы, имеют желание самоотверженного служения на благо Родины; стремятся к добру и неприятию зла. Родители: сотрудни-



чают в тесном контакте со школой и другими учреждениями по формированию духовно-нравственных ценностей у обучающихся (участие в школьной жизни); воспитывают любовь и почтение к дому, семье, близким и окружающим, бережное отношение к окружающему миру (совместная деятельность на уроках самопознания, и во внеклассных мероприятиях); понимают, что только семья, как первый наставник ребёнка, может воспитать в детях духовные и нравственные ценности (являются активными помощниками в воспитании и реализации способ-

ностей детей). Материалы данной программы могут использоваться и в учебной деятельности учителями-предметниками (самопознание, естествознание, музыка, изобразительное искусство и т.д.). Является пособием для вовлечения родителей в жизнедеятельность школы, а также служить информацией для родителей в деле воспитания детей.

О.Н. КАРПЕНКОВА,
директор КГКП «Дворец развития и творчества детей и молодёжи»
акимата г. Рудного
Костанайской области.



Жобалау іс-әрекеті арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеушілік қабілетін дамыту

Жобамен жұмыс істеу – шығармашылық үдеріс. Жобалау – «*proicere*» деген латын сөзі. Бұл сөз «*жоспарлау, дайындау*» деген мағынаны білдіреді. «Жобалау» сөзі қазақтың «жоба» деген сөзінен шыққан, мағынасы – жаңа нәрсенің жобасын, сұлбасын жасау. «Жобалау әдісінің» негізін қалаушы – Америка философ-прагматигі, психолог және педагог *Джон Дьюи*. Колумбия университеті жанындағы мұғалімдер колледжінің профессоры *Уильям Херд Килпатрик* «Балаларды өз жұмысының жемісін көруге ынталандыру

арқылы үнемі өмірге дайындау – бұл технологияның негізі» деген еңбегінде жоба өндірістік, жасампаздық, тұтынушылық, интеллектуалдық немесе басқа да проблемаларды шешуге бағытталған дейді. Зерттеушілік іс-әрекет ұғымының зерттелу жайы ертеректен басталды мысалы, іс-әрекеттік ұғымын алғаш рет ғылыми айналымға XVIII ғасырда философ И. Кант енгізді. Ф. Перегудов: «Жобалау – жұмыс нәтижесінің сапасына қойылатын талаптары белгіленген, орындау сипатына сай қажетті құралдар мен кететін шығындар алдын



ала есептелген, берілген уақыт ішінде белгілі бір жүйеге мақсатты өзгерістер ендіру», - деп қарастырған.

Е.С. Заир-Бек: «*Жобалау* — қазіргі білім беру жүйелерін дамыту, жаңарту, жетілдіру және ондағы қайшылықтарды болдырмау міндеттерін орындауға бағытталған педагогикадағы және ұйымдастырылатын практикалық әрекеттердегі қолданбалы ғылыми бағыт», - деп түсіндіреді.

А.П. Тряпыцина «*Жобалау* — білім беруді дамытудың жаңа саласы, педагогикалық әрекетті түсіндірудің жаңа амалы», В.М. Розин: «*Жобалау* қызметі әрбір кіші жүйенің құрылымы мен деңгейлеріндегі дербес мақсат пен міндеттерін нақтылауды және оның орындалуын ресурстық қамтамасыз етуді көздейді, сонымен қатар кіші жүйелердегі мақсат-міндеттердің реттелген жиынтығы үлкен жүйенің мақсатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Әлеуметтік жүйелерді жобалау шын мәнінде әдіснамалық-теориялық контекст ретінде қолданыла алады, өйткені оның шығу көзі әдіснамадан, нақтылап айтқанда, жүйелі ой-әрекеттері әдіснамасында пайда болған», - деп тұжырымдайды.

А.Н. Поддьяков ғылыми еңбектерінде «Зерттеу іс-әрекеті арқылы қоршаған ортадағы жаңа материалдарды жинақтау мен ізденуге бағытталған белсенді әрекет», - деген түсінік берді. «Зерттеушілік іс-әрекет» термині философиялық сөздікте — жаңа білім өндіруге бағытталған ойлау, қоғам туралы әрекет деген түсінік беріледі. А.А. Вербицкийдің пікірі бойынша болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің

зерттеушілік іс-әрекетінің заттық және әлеуметтік құрылымын оқу үдерісінде іске асыруда іскерлік ойындардың дидактикалық құралдары мен формаларының рөлі ерекше.

Мектепке дейінгі ұйым балаларының зерттеушілік іс-әрекетін шығармашылық жұмыстар арқылы қалыптастырамыз. Мектепке дейінгі ұйым балаларымен жүргізілетін жоба түрлері:

Зерттеушілік жобалар — балалар эксперимент жасайды, газет, драматизациялар арқылы дизайн құрастырады;

Шығармашылық жоба — балалар шығармашылық ойын элементтері арқылы ертегі кейіпкерлерін құрастырады, қойылымдар арқылы бейнелейді;

Ақпараттық-тәжірибелік — балалар ақпараттар жинайды. Әлеуметтік орта кейіпкерлері арқылы сипаттайды. Аталған жобалау жұмыстары арқылы балалардың мәселелік ойлауын, рөлдік, сюжеттік, коммуникативтік, әлеуметтік ойын түрлері негізінде жағдаяттарға ену, жағдаяттардан шығу жолдарын іздеу, меңгеру жолдарының алғышарттары қалыптасады.

Жобалау жұмысы 3 кезеңнен тұрады:

1-кезең — үлгілендіру;

2-кезең — жоба құрастыру;

3-кезең — қорытынды жасау, өнім шығару.

Техникалық жоба — конструкциялық құжаттаманың бұйымды жасау кезіндегі 3-кезеңде (эскиздік жобадан кейін), оған мына кезеңдер жатады: жалпы құрастыру сызбасын аяқтау, агрегаттар конструкциясын жасап шығару. Жоба нобайы — бұйымды жасау кезіндегі конструкциялық құжаттаманы жа-



саудың 2-кезеңінде (техникалық ұсыныстан кейін), оған мынадай кезеңдер жатады: эскиздік құрастыру сызбасы, ізденіс макеттерін құру, ішкі және сыртқы пішімдеу, конструкциялық құжаттар мен пішіндердің жиынтығында жолаушылар мен жүргізушінің орналасуы, бұйымның сыртқы және ішкі пішіндері туралы толық көрініс беретін қорытынды техникалық шешімдер болуы керек. Жобалау жұмысын орындау барысында балаларда өзін-өзі сендіру, өзін-өзі иландыру, өзін-өзі мақұлдау, өзін-өзі қалыптастыру, өзі-өзі реттеу, өзін-өзі басқару, өз өзіне сенім білдіру, қалау, қайталау, жасау, үйрену әрекеттері қалыптасады. Жоба жұмысы барысында фасилитация іс-әрекеті іске асады.

Фасилитация (ағылшын сөзінің – to facilitate) – жеңілдету, мүмкіндік беру, көмектесу, жағымды жағдай жасау деген мағынаны білдіреді. Фасилитация түрлері төмендегідей болып бөлінеді:

- Іздеу, тану фасилитациясы;
- Іс-әрекет әдістерін іздеу фасилитациясы;
- Құралдарды іздеу, тану фасилитациясы;
- Үдерісті жүзеге асыру фасилитациясы;
- Зейін аудару фасилитациясы;
- Болашақ қажеттіліктерді білу фасилитациясы.

А.М. Новиков бойынша болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін даярлауда пайдаланылатын жобалап оқыту технологиясын жіктеп көрдік. Олар:

– Жобалау типтері немесе салала-

ры: техникалық, ұйымдастырушылық, экономикалық, әлеуметтік, білім беру, аралас салалар, т.б.

– Жобалау кластары немесе жобалау құрамы мен құрылымы, пәндік аясы бойынша: моно-жобалау, мульти-жобалау, мега-жобалау.

– Жобалау масштабтары: шағын, орташа, ірі және өте ірі деп шартты түрде белгілене алады.

– Жобалау ұзақтығы: қысқа мерзімді – 3 жылға дейінгі, орта мерзімді – 3-5 жылға, ұзақ мерзімді – 5-тен көп жылдарға созылатын жобалау;

– Жобалау түрлері: инновациялық, білім беру, ғылыми-зерттеу, аралас, т.б. – Жоба жасау бірнеше кезеңдерден тұрады:

– Материал жинау (әр түрлі дереккөздерден материал жинаудан, құраудан басталады);

– Жүйелеу (жинаған материалды жүйелеу, біріктіру, жіктеу);

– Қорыту (мәліметтерін топтап қорыту).

Жобалау қызметі бірнеше топтарға бөлінеді:

Жобалық топ: жобалық команда болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің немесе білім беру жобаларына тікелей қатысатын негізгі адамдар шеңбері ретінде анықталады. Балаларда төмендегі кестеде бейнеленген ойлау дағдылары қалыптасады.

1	Есте сақтау	Білу. Еске түсіру.
2	Түсіну	Интерпретациялау. Мысал келтіру.



		Жіктеу Жалпылау. Ой қорыту. Салысты- ру.
3	Қолдану	Орындау
4	Талдау	Саралау. Ұйымдастыру. Сәйкестендіру
5	Бағалау	Тексеру. Сынау
6	Жарату. Өндіру	Генерациялау. Жо- спарлау. Жарату. Өндіру.

Жобалау әдісі – оқу-тану тәсілдерінің жиынтығы. Олар белгілі бір проблемаларды балалар өздігінше шешуге және сол шешім арқылы нақты бір нәтижеге жетуге тырысады. Нәтиже-

сін шығармашылық жұмыстар арқылы іске асырады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қыяқбаева Ұ.Қ. Әлеуметтік педагогикалық іс-әрекеттерді жобалау негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 138 б.
2. Голуб Г. Б., Перельгина Е.А., Чуракова О.В. Основа проектной деятельности школьника. Под ред. проф. Е.Я. Когана. – М.: Издательский дом «Фёдоров». Издательство «Учебная литература», 2006.

Жулдыз Кайыповна
НУРДИЛДАЕВА,

Айлин бөбекжай балабақшасының
тәрбиешісі.

Көксу ауылы,
Шардара ауданы,
Түркістан облысы.



Қазақ киносы қандай дәрежеде?

Бастаушы: Қош келдіңіздер, құрметті қонақтар, өнердің жанашырлары! Қазақ кино өнері қашанда қарыштап дамып келе жатыр. Өнер тарландарынан біз марқұм болған аяулы жандар Сәбира Майқанова, Әмина Өмірзақова, Бикен Римова, Асанәлі Әшімов секілді ұлыларды білеміз. Бүгінгі кездесудің мақсаты қазіргі қазақ кино өнерінің дамуы, көрерменнің көңілінен шығуы немесе қазіргі көрерменнің талап-тілегі қандай деген мәселелер төңірегін-

де ойларымызды ортаға салу.

Бастаушы: Алғашқы сөзді театрдың жас актерлері алса дейміз.

Сұрақ: Театрға қалай келдіңіздер?

Театрдың ең жас актері:

Біз театр актерлеріміз, бірақ кино өнеріне қатысымыз жоқ деп айта алмаймыз. Жалпы, қазақ киносы жөнінде айтар болсақ, шынында қазіргі қазақ киносына сыншы көп. Көрерменнің де талап-тілегі, сұранысы өзгерген. Менің ойымша, жақсы туындылар бар, тек көретін, тамаша-



лайтын көрерменнің ықыласы жеткілікті болса деп ойлаймын. Өйткені, қойылатын сахналық көріністерде, теледидар арқылы берілген қазақ кинолары да тікелей көрерменнің ынта-ықыласымен жіберіліп отырады. Өйткені, біз халық үшін, көрермен қауым үшін қызмет етеміз.

Бастаушы: Осынау маңызды сауал төңірегінде ой өрбітпестен бұрын теледидар бейнематериалын тамашалайық.

(Теледидардан Ш. Айманов атындағы киностудиядан түсірілген бейне көрсетілімдерді тамашалау)

Бастаушы-1:

Сонымен, бүгінгі қазақ көрермені қандай кино көргісі келеді, ойларыңызды ортаға салыңыздар.

Пікірсайысқа қатысушы – 1:

Тым жақсы қазақ кинолары бар, бірақ көруге отыра қалсам, жолдасым басқа арнаға аударып жібереді. Сол үшін екеуміз ренжісіп те қаламыз. Сонда оның айтқаны: «Қазақ киносын көре отырып, қандай қызығушылық табасын, рас ертеректе түсірілген кинофильмдерді тамашалау қызық болатын».

Пікірсайысқа қатысушы – 2:

Расында, көрерменнің бүгінгі таңдағы сұранысы тым жоғары болып отырғаны рас. Олар шындықты көргісі келеді, қазіргі қоғамдағы ахуалдың кино өмірінен көрініс тапқанын қалайды, бүгінгі жиналған қауымға айтар тілегім, қазақ киносына сұраныс жасайық, отбасымыздағы, жанжағымыздағы балаларымызды елдік

ата-салттан алыстамауға тәрбиелейік.

Бастаушы: Шынында, біз күнделікті күйбең тірліктің қамымен жүріп, өнерді өгейсіретіп алып жүрген жоқпыз ба? Сахна халыққа қызмет етеді, ал халықтың көңілі нені қалайды? Бір сәт ойланып, өнерді бағалауға қазақ киносына жанашырлық танытуымыз керек шығар. Тәрбиелі ұрпақ, саналы азамат өсірудің басты негізі де ұлттық қасиетті бойға сіңіре білуде емес пе? Өнер адамына да оңай емес. Біздің жан сарайымызды ашып, халықтың мейіріне бөленсек дейді.

Тұңғышбай Жаманқұловтың Өнер адамы туралы өлеңі оқылады.

Бастаушы: Біздер бүгін ортаға ұлты қазақ, бірақ орыс тобында оқитын студенттерді шақырып едік, студенттердің пікіріне құлақ түрсек.

1-студент: - Менің атым Әсел, мен орыс тобында оқығанымен қазақша газет-журнал материалдарын үнемі қарап отырамын. Үйдегі ата-анам күнделікті газетті әкеліп, оқып отырады. Олардың бір-бірімен сөз таластыратын жағдайлары да кездеседі. Маған олардың пікірталастарын тындаған қызық.

Маған, мүмкін, ата-анамның осы ақпарат құралдарын қазақша оқып, ойларын да қазақша жеткізетіндері әсер еткен болуы керек. Тіпті, бірде менің ойымды естіген олар таңданып қалды. Қазақша кино дейсіздер ме, мен «Махаббат бекеті» фильмін көрдім. Маған өте ұнады.



- Сонда сізді қазақша махаббат туралы кинолар ғана қызықтыра ма?

- Жоқ, әрине, егер уақытым болса, тіпті теледидардан жиі көрсетілсе қазақтың ұлттық тарихи-танымдық киноларын да көрсем бе деп едім. Жақында «Көшпенділер» фильмін көрдім. Жақсы әсер қалдырды. Біраз тарихи мәліметтер алдым. Қазақ болып туылғанымға өте қуандым.

Пікірсайысқа қатысушы – 3: Мен Әселдің ой-тұжырымына қайран қалып отырмын. Осындай саналы, ой-өрісі кең жастардың ішімізде табылуы құптарлық жағдай. Шынымен тарихи кинолар жиі берілмейді, мүмкін, көрерменнен сұраныс жоқ шығар?

2-студент: Неге олай дейсіз, бізге «Қазақстан», «Хабар» арналарынан әзілқой, көңілашар бағдарламаны қызықтағаннан гөрі, 2 сағат тапжылмай отырып, «Көшпенділерді» тамашалағанымыз жақсы болар еді.

Залдағы көрермендерге сауалдар:

- Сіз қандай кино көресіз?

- Мен мелодраманы жақсы көремін, қазақша кино менің ішімді пыстырады, қызық емес, әрі қазақша да жете түсінбеймін.

- Соңғы 4-5 айдың ішінде қандай қазақ киносын тамашаладыңыз, қазақша кино сізге қызық па?

- Қазір тіптен кино көруге уақытым жоқ. Бүгінгі пікірсайысқа да қызымның ұсынысы бойынша келіп отырмын. Бүгінгі пікірсайыс өте ұнады. Енді қазақ киноларын зер салып қарасам ба деген ойдамын.

- Қазақша білесіз бе, қазақша қандай хабарларды көресіз?

- Ұлтым – қазақ, бірақ қазақша ойымды жеткізу маған қиын. Алдымен тіл үйренуім керек. Сосын қазақша хабарларды көре бастаймын. Қызығушылығым оянады деп сенмін. (Өз ойын орысша жеткізді).

Бастаушы: Бүгін біраз пікірлер айтылды. Ойларын ортаға салды. Бір қуаныштысы, қазақ кино өнеріне көрермендердің бей-жай қарай алмайтындығы. Көкірегі ояу көрермендеріміздің көптеп кездесуі де көңілге қуаныш ұялатады. Шындығында, алдымен қазақ тілін меңгергеніміз дұрыс, сонда ғана ұлттық асылымызды, салтымызды, санамызды ластамай, таза қалпында сақтаймыз. Жастарымыздың есіне саларымыз, ел ертеңі өздеріңіз, сендер қай арнаға бұрылсаңдар арттарыңыздағы көш те соған бұрады. Еуропаның озық үлгілерін үйрену жақсы, қастерлі, өзге ұлттың мәдениетін де құрметтеген орынды, бірақ қазақтың ұлттығын, елдігін сақтап қалу, аса маңызды жауапкершілік жүктейді. Сондықтан ұлттық дербестігімізді сақтауға ұмтылып, салт-санамызды ластамай, өнер деген киелі ұғымды ардақтай білуге шақырамын.

**А. БҮРКІТБАЕВА,
Ш. Есенов атындағы Каспий
технологиялар және инжиниринг
университеті (Yessenov University)
оқытушысы.
Ақтау қаласы**



12 сәуір – ғарышкерлер күні

Сабақтың мақсаты:

а) Ғарышкерлер күніне байланысты қазақтың тұңғыш ғарышкері Т. Әубәкіровпен таныстыру;

ә) Мәтін арқылы грамматикалық материалдарды қайталау;

б) Отанға деген сүйіншешілікті арттыру.

Көрнекілігі: суреттер, кестелер, көрме.

Сабақтың жүрісі:

I. Ұйымдастыру бөлімі. Оқушылардың назарын сабаққа аудару.

II. Үй тапсырманы тексеру. Сұрақ-жауап әдісімен өткен сабақты қорытындылап өту.

III. Жаңа сабақты түсіндірудің алдында оқушыларға сұрақтар беремін:

1. а) Ғарышқа бірінші ұшқан адам кім? (Юрий Алексеевич Гагарин)

ә) Осы ғарышкерлер қай жерден ұшты? (Байқоңырдан)

б) Қазақстан Республикасынан ұшқан тұңғыш ғарышкер кім? (Тоқтар Әубәкіров)

2. «Тоқтар Әубәкіров» (мәтінді оқу, орыс тіліне аудару)

Т. Әубәкіров 1946 жылы шілденің 2-сі күні Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданында туған. Қаршадайынан әке-шешесінен айырылып, әпкесінің тәрбиесінде болады.

Ол әскери-авиациялық училищесін және сынаушы – ұшқыштар мектебін бітіреді. Мәскеу авиация институтын тәмамдаған. Ол – ғарышқа ұшпай тұ-

рып-ақ, батыр атағына ие болған жалғыз ғарышкер.

1991 жылы қазанның 2-сі күні Байқоңырдан Қазақстан-Австрия экипажы бар «Союз ЭТМ-13» ғарыш кемесі ұшырылды. Тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіров Республика Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа қазақ тілінде қысқаша рапорт берді.

Жаңа сөздермен жұмыс.

3. Мәтін бойынша грамматикалық жұмыс жасайық.

Осы мәтіннің ішінен түбірлес сөздерді табындар.

(Ғарышқа, ғарышкер, ғарыш, ғарышкері)

Дәптерлеріңізді ашып жазыңыз.

«Ғарышкері» – сөз құрамына талда.

4. Сұрақтарға жауап беру.

1. Тоқтар Әубәкіров кім?

2. Ол қай жылы, қай жерде туған?

3. Ол қайда оқыды?

4. Байқоңырдан «СоюзЭТМ-13» ғарыш кемесі қашан ұшты?

5. Т. Әубәкіров кімге рапорт берді?

- Балалар, енді дәптерлеріңізге сөйлем жазындар:

Тоқтар-қазақтың тұңғыш ғарышкері.

- Ал енді, балалар, біздер Тоқтар ағамыз сияқты ғарышқа саяхат жасайық.

- Дайындалындар!

- Бір, екі, үш!

Ал, ғарышқа ұш! (музыка)



- Біз «Болашақ» ғаламшарына ұшып бара жатырмыз. Жолда біз көп жұлдыздарға қарсы болдық, жұлдыз жаңбырына тап болдық. Әрбір топтан екі жұлдыздан алып тапсырмасын орындандар.

1-топ – «Талапкер»; 2-топ – «Болашақ».

(Әділ қазылар алқасы сіздің жауаптарыңызды тыңдап, бағалап отырады)

(Тақтада 5 жұлдыз бар, 4 жұлдызды оқушылар алып тапсырманы орындайды)

- Балалар! Тақтаға назар аударыңдар, бір кішкентай жұлдыз адасып қалыпты. Артында бір өтініш бар екен, ән орындауын сұрапты, енді ән айтайық! (Ән айтады)

- Тыңдаңыздар! Алдымызда «Білім» ғаламшары.

(Тақтаға 4 оқушы шақырылады, әрбір топтан 2 баладан)

Балалар тапсырманы алып біреуінен соң біреуін орындайды, мәтіндерді ауызша айтып береді.

Ақ түсті жапырақ – «Қыс» мезгілін білдіреді.

Көк жапырақ – «Көктем» мезгілін білдіреді.

Қызыл түсті жапырақ – «Жаз»

Сары түсті – «Күз»

- Жарайсындар, балалар! Рахмет.

Ғарыш жолымызды әрі қарай жалғастырамыз.

- Сақ болыңыз!

- Құйрықты жұлдыздар келе жатыр.

- Балалар, осы кометалардың ішінде тапсырмалар бар)

(Оқушылар тапсырмаларды орындайды)

- Тапсырмаларды орындадыңыз, олар енді жерге құламайды.

(Музыка)

- Енді, балалар, біз басқа ғаламшарға келдік, сіздер өз елдеріңізді таңыстыра аласындар ма?

(Топ басшылары-капитандар тапсырма орындайды)

- Өз халқыңыз, еліңіз, салт-дәстүрлері туралы әңгімелеп беріңіз.

(Оқушылар әңгімелеп береді)

- Жарайсындар! Әділқазы алқасы өз қорытындыларын дайындасың.

(Музыка)

- «Болашақ» ғаламшарының бізге әзірлеген сөзжұмбағы бар екен, соны шешейік! Шешімін тапсақ, өз ғаламшарымызға қайтып келеміз.

(Тақтада сөзжұмбақ ілулі тұр)

- Қызыл торда қандай сөздер шықты?

- Токтар – тұңғыш ғарышкер.

Қорытынды.

- Ал, сіздер «Болашақ» ғаламшарына барып өз еліңізді таңыстырдыңыз, жолда көп қауіпты жеңіп, ғаламшарыңызды құтқардыңыз.

Сіздерге көп «рахмет», жұмыстарыңызды бағалайын.

Бағалау. Үйге тапсырма беру.

Айман Алтынбековна

БАБАНОВА,

№23 жалпы орта білім беретін

мектептің қазақ тілі мен

әдебиеті пәні мұғалімі.

Орал қаласы,

Батыс Қазақстан облысы



Афганистан болит в моей душе

Цели: познакомить учащихся с событиями афганской войны 1979–1989 г.г. Развивать представление у учащихся о роли ограниченного континента советских войск в Афганистане; Воспитывать чувство патриотизма и интернационализма у учащихся.

Материальное обеспечение: Карта ДРА, фотографии участников афганской войны, цветы.

Присутствуют: приглашенные гости — ветераны афганской войны, учащиеся.

Первый ведущий: Более 37 лет назад закончилась десятилетняя война в Афганистане. В учебниках истории еще не описаны эти события, хотя они сыграли существенную роль в истории стран бывшего СССР. А знание истории необходимо, так как тот, кто не знает прошлого, осужден на повторение ошибок.

Как известно, в результате апрельской революции 1978 года в Афганистане был создан новый национально-прогрессивный строй, устранен деспотичный шахский режим, привлечены широкие народные массы на сторону революции, осуществлена земельная реформа, большое количество земли было продано крестьянству, проведены многие другие преобразования в интересах народа.

Второй ведущий: Однако революционные события в Афганистане встретили ожесточенное сопротивление внешних врагов. Со стороны Пакистана, Ирака, Китая была развернута непрерывная подрывная деятельность. В свою очередь, реакционные остатки старого режима развернули борьбу против революционного строя. Все это создало угрозу ликвидации того, что принесла афганскому народу апрельская революция.

Новое государство обратилось к правительству бывшего СССР с просьбой об оказании политической и материальной помощи, включая военную поддержку.

Бывший Советский Союз решил оказать такую поддержку, опираясь на межгосударственный договор, заключенный между СССР и Афганистаном. Советский Союз дал согласие афганскому правительству на ввод на некоторое время небольшого военного контингента. 24 декабря 1979 года принято решение о вводе войск (ограниченного контингента) в Афганистан. Надолго ли? На этот вопрос не мог ответить никто. Так оно и вышло: война в Афганистане длилась 9 лет и 9 месяцев.

Демонстрация военных действий с записью видеофильмов об Афганской войне.

**Третий ведущий:**

Кабул далекий и безжизненная
степь

Пропахли дымом от разрывов
горьких,

Ты долго не увидишь сыновей,
Спасаящий другой народ от горя.

Мы, Родина, покинули тебя,

Нам совесть пусть-дорогу указала:

Иди и выполняй святой приказ,

Чтоб Родина спокойно засыпала.

Четвертый ведущий: В самый сложный период войны командующим 40-й армией, то есть ограниченного контингента советский войск в Афганистане, был назначен генерал-майор – Борис Всеволодович Громов. Планируя любые военные операции, командование армии вплотную сталкивались с единственной проблемой: как сохранить жизнь людей? Как избежать гибели солдат?

Первый ведущий: Подчас приходилось идти на обман для того, чтобы вытащить противника на переговоры и попытаться убедить его отказаться от вооруженной борьбы. Только если усилия командования на мирных переговорах достигали своей цели, им приходилось начинать боевые действия, которые не имели больших масштабов и проводились преимущественно в горных массивах, ущельях и местах,

где проживало мирное население. Более 70% сил и средств 40-й армии было постоянно задействовано для перевозки на территории Афганистана гуманитарных грузов. Эта работа не прекращалась вплоть до вывода войск.

Драматические события в Афганистане, судьба 40-й армии долгие годы не находили должного отражения в отечественных средствах массовой информации. Нам приходилось довольствоваться короткими заметками о занятиях или учебно – боевых действиях наших подразделений, о том, как наши солдаты сажают деревья или раздают продовольствие...


А потом, в адрес 40-й армии хлынул поток откровенной «чернухи».

Сначала замалчивание, а потом грубое искажение правды об афганской войне привело к тому, что в обществе сформировалось ошибочное отношение к ветеранам – «афганцам», не отражающее реальной истинной роли 40-й армии. И все же простые люди всегда смотрели и смотрят с уважением на солдат и офицеров, прошедших сквозь огонь афганской войны.

Ербол Бейсембаевич АРЕНОВ,
учитель истории и географии
школы-гимназии №10
города Астаны



Денсаулық – зор байлық

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	1.3.1.1. Денсаулық туралы түсінік алу, дене белсенділігін ұғындыру.	
Сабақ мақсаттары	Дене жаттығуларын орындау кезінде физикалық өзгерістерді анықтау.	
Жетістік критерийлері	<i>Білу және түсіну.</i> Дене жаттығуы барысында байқалған дене өзгерісінің кем дегенде үшеуін анықтайды.	
Тілді толық ортаға енгізу	Тақырыбы: 8-бөлім: «Дені саудың – жаны сау».	
Тілдік мақсаттар	<ul style="list-style-type: none"> - Оқушылар мектептен тыс жерлерде спорттық шараларға қатысуды өздігінен анықтай алады; - ҚР әйгілі спортшыларын және спорт түрлерін білу; - СӨС уағыздау және спортпен шұғылдану. 	
Құндылықтарды дарыту	Бұл бөлімде оқушылардың шығармашылығы да жетілдіріледі, себебі олар жеке не топтағы физикалық жаттығулардағы баламалы мүмкіндіктерді ашуға бағытталған.	
Пәнаралық байланыстар	Қазақ тілі. Дүниетану.	
Алдыңғы меңгерілген білім	Оқушылар үй мен балабақша қабырғаларында да алдыңғы бөлімдерде де денсаулық түсініктері мен негізгі білімді дамытқан деп күтіледі.	
Сабақ барысы		
Б – барлық сынып, Т – топтық, ЖЖ – жұптық жұмыс, Ж – жеке, Тәж – оқушы тәжірибесі, К – мұғалімнің көмегі, Ф – фор.бағалау.		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақта жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Уақытты жоспарлау: 	Әр жаттығуға кең, ашық кеңістік. Мұғалім үшін ысқырық.



<p>Сабақ ортасы</p>	<p>Ой ашу.</p> <p>- Ертеде бір кірқожалақ қыз өмір сүріпті. Оның дүниедегі жек көретін нәрсесі – қолын жуу және жуыну екен.</p> <p>Сол себептен қолында аяғында пайда болған жаралар денесіне тарайды. Ауыз арқылы ішке кірген микроб қызды ауруға шалдықтырады. Дәрігер қыз баланы тексеріп, ауруды жеңетін ғажайып затты ұсынады.</p> <p>- Бұл не деп ойлайсыздар?</p> <p>Сұрақтарға жауап алу.</p> <p>- Денсаулықты сақтау үшін қандай ережелерді сақтау керек?</p> <p>- Таңертеңгілік жаттығу жасау не үшін қажет?</p> <p>- Денсаулыққа не зиян?</p> <p>- Салауатты өмір сүру дегеніміз не?</p> <p>Денсаулық дегеніміз – ...</p> <p>Д – дем алу;</p> <p>Е – еңбектену;</p> <p>Н – нашақорлыққа жоламау;</p> <p>С – салауатты болу;</p> <p>А – алғырлық;</p> <p>У – уайымсыз өмір;</p> <p>Л – лайықты өмір;</p> <p>Ы – ынта;</p> <p>Қ – қозғалыс.</p> <p>Сергіту сәті.</p> <p>Ойын: «Иісіне қарай ажырат». Бұл ойында 4 мұғалім алға шығады. Олардың көздерін байлап алма, апельсин, лимон, пияздың иісін иіскетемін. Олар соны тауып, атын атау қажет және пайдасын айтады</p>	<p>Әр жаттығуға кең, ашық кеңістік. Керекті жабдықтар: мысалы, ребус, мақал-мәтелдер слайд, сабын, жемістер, қоянның суреті, бор.</p>
----------------------------	--	---



Мақал-мәтелді сәйкестендір.

1. Жарлының байлығы — ...
2. Сәті түскен ауруға не болса ...
3. Тәні саудың ...
4. Тазалық — саулық кепілі, ...
5. Демі бардың — ...

1. Саулық — байлық кепілі;
2. Емі бар;
3. Жаны сау;
4. Сол ем болады;
5. Денінің саулығы.

«**Үйсіз қоян**» ойынын барлық мұғалімдермен ойнатамын.

Мақсаты: шапшаңдыққа, аңғарымпаздыққа, батылдыққа үйрену.

Ойынның шарты:

Ойынға 3-10 адамнан қатысуға болады. Әр ойыншы — қоян-диаметрі 50 см болатындай шеңберді өзін айналдыра бормен сызады. Шеңберлердің арасы 1-2 метр болуы шарт. Қояндардың бірі — үйсіз. Ол ойынды жүргізуші. Қояндар одан жасырып бір-бірімен (көз қиығымен, ыммен) «үйлерін алмасу» туралы келіседі де бір үйден бір үйге жүгіріп кіреді. Ойынды жүргізушінің мақсаты — олар үйлерімен алмасып жатқанда, бір сәтке бос қалған үйге кіріп алу. Кім де кім үйсіз қалса сол ойынды жүргізуші болады.



Сабақтың соңы	Кері байланыс «Қол белгісі» арқылы бүгінгі сабақты қорытындылаймын.	
Дифференциация – оқушыларға көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырмалар қоюды жоспарлап отырсыз?	Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеру жоспарыңыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы.
Берілген тапсырмаларды, жаттығуларды барынша дұрыс, біркелкі орындау, дағдыларын қайталау. Бір-бірімен жоғарғы деңгейдегі қарым-қатынас.	Оқушылардың өз бетінше тапсырмамен жұмыс істеуі, өз бетінше қателерін түзеу, еркін ойларын жеткізу.	Сабақ барысында техника қауіпсіздік ережелерін сақтау. Дене қуатын үнемдеу шарттары.

С. БАЛХАШЕВ,
№15 орта мектептің дене шынықтыру пәні мұғалімі.
Талдықорған қаласы,
Жетісу облысы.





ҚЫЗЫЛ, жасыл көбелек



А. САГИДУЛЛИНА,
№34 «Балбұлақ» бөбекжайының
тәрбиешісі.
Орал қаласы,
Батыс Қазақстан облысы.

Білім беру саласы: «Таным»,
 «Қатынас», «Шығармашылық»
Оқу іс-әрекет түрі: Қоршаған
 ортамен таныстыру.

Мақсат-міндеттері:

- Балалардың көбелек туралы
 түсініктерін кеңейту. Көбелектердің
 түстерін, пішіндерін ажыратуға
 үйрету;

- Көбелек туралы түсінік бере
 отырып, балалардың сөздік
 қорларын молайту. Сұраққа толық
 жауап беру, сөйлеу дағдысын
 қалыптастыру;

- Табиғатты қорғауға,
 көбелектерге зиян шектірмеуге
 тәрбиелеу. Дидактикалық ойындар,
 тапсырмалар арқылы балалардың
 танымдық қабілеттерін дамыту.

Әдіс-тәсілдері: түсіндіру,
 әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын.

Алдын-ала жүргізілетін жұмыс:
 балалармен көбелек туралы әңгіме
 жүргізу, тақпақ жаттату.

Қажетті құралдар: гүл,
 дидактикалық материалдар, ақ
 қағаз, түрлі түсті бояу, сулық, үлгі
 сурет.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивация-лық- қозғаушы	Балаларды шаттық шеңберге тұрғызады. Балалар, менің қолымдағы әдемі гүлді көріп тұрсындар ма? Осы гүлді бір-бірімізге ұсына отырып, осы гүл сияқты әдемі тілектер айтайық. - Осы гүл сияқты құлпырып жүре беріңдер.	Шаттық шеңберге тұрады. - Иә, көріп тұрмыз. - Гүлдей әдемі бол! - Күндей күлімдеп жүр! - Ешқашан мұңайма! - Еліміз аман болсын!



	<p>Жарайсыңдар! Балалар, мына гүлдің ішінде көбелек бар екен. (Гүлдің күлтесінің ішінен кішкене көбелекті алып шығады)</p> <p>Көбелектен не істеп жүргенін сұрап көрейін. Ол біздің тобымызға қайдан келген екен?</p> <p>Көбелек: Балалар мен туралы не біледі, соны білгім келді.</p> <p>- Балалар, бұл не екен?</p> <p>Тәрбиеші: Көбелек, сен бізбен бірге кішкене уақыт болсан, балалардың сен туралы қандай мағлұмат білетінін көресің.</p>	<p>Балалар таңырқап қарайды.</p> <p>Ол – көбелек. Біз оны танимыз.</p>
<p>Іздену-ұйымдастырушы</p>	<p>- Балалар, кім көбелек туралы тақпақ біледі?</p> <p>- Көбелек, саған біздің балалардың тақпақтары ұнады ма?</p> <p>Көбелек: Иә, ұнады.</p> <p>Көбелектер көктемде, жазда гүлден-гүлге қонып, ұшып жүреді. Олар су, бал және цитрустық жемістермен қоректенеді. Көбелектер қандай болады?</p> <p>Дұрыс. Ендеше қазір біздер сол көбелектердің түсін ажыратамыз.</p>	<p>1-бала: Мен тимеймін, жасқанба Дос болайық, көбелек. Жайнап тұрған бақшамда Гүлдерімді тере кет.</p> <p>2-бала: Жасыл қанат көбелек, Қызыл қанат көбелек. Гүлден гүлге қонасын Ұстатпайсын не керек?</p> <p>Көбелектер түрлі-түсті, әдемі болады.</p>



	<p>Дидактикалық ойын: «Көбелекті түсіне қарай орналастыр».</p> <p>Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту.</p> <p>Көбелектердің түсін ажыратып, гүлдерге орналастыра білуге үйрету.</p> <p>Айлана, сенде қандай түсті көбелек?</p> <p>- Жақсы, ал Бекдаулет сенде қандай түсті көбелек?</p> <p>- Жарайсындар, балалар. Енді орнымыздан тұрып, сергіп алайық.</p> <p>Сергіту сәті: Қоюланып кара бұлт, Жауды жаңбыр себелеп. Жапырақтар жайқалып, Бұға қалды көбелек. Сергіп алсақ орнымызға отырамыз. Балалар, алдарында ненің суретін көріп тұрсындар? Осы көбелектің суретін саусақпен сурет салу әдісімен безендіреміз. Тәрбиеші суретті салу жолымен таныстырады. Тәрбиеші жұмыстану барысында балаларды қадағалайды. Жарайсындар, балалар. Көбелекті әдемі безендірдіңдер.</p>	<p>Балалар ойынның шартын түсініп орындайды.</p> <p>Менде қызыл түсті көбелек. Оны қызыл түсті гүлге орналастырамын.</p> <p>Мен сары түсті гүлге сары көбелекті орналастырдым.</p> <p>Орындарынан тұрады.</p> <p>Сергіту сәтін қимыл-қозғалыспен орындайды.</p> <p>Балалар орындарына отырады.</p> <p>Көбелектің суреті бар.</p> <p>Балалар мұқият қарап, түсініп алады. Өз беттерінше жұмыстанады.</p>
--	--	--



	<p>- Көбелек, көріп отырсың, біздің балалар сен туралы көп нәрсе біледі. Саған балалардың әрекеті ұнады ма? Көбелек: Әрине, ұнады. Мен балаларға риза болып отырмын. Достарыма тез ұшып барып, балалар туралы айтуым керек. - Жарайды, Көбелек. Достарыңа біздің балалардың қандай тапқыр, көбелектер туралы мол түсініктері бар екенін айта бар. - Сау бол, Көбелек! (Көбелекті ұшырып жібереді)</p>	Сау болыңыз!
<p>Рефлексивті - коррекциялаушы</p>	<p>Балалар, көбелектер қандай болады? Көбелектер немен қоректенеді? Көбелектерге зиян келтіруге бола ма? Жарайсындар, балалар. Ал ендеше бәріміз «Қызыл, жасыл көбелек» әнін шырқайық.</p>	<p>Әр түрлі, түсті, әдемі болады. Олар гүлдерге қонып шырынын сорады. Су, цитрустық жемістермен қоректенеді. Жоқ, көбелектерге қамқор болуымыз керек. «Қызыл, жасыл көбелек» әнін шырқайды.</p>

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Көбелектің қандай болатынын біледі.

Қандай түсініктерді игерді: Саусақпен сурет салу арқылы көбелекті безендіруді игерді.

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Көбелек туралы тақпақ айтады, көбелектерді түсіне қарай орналастырды.



Индекс 75488

Білім кілті- Ключ знаний журналы

Құрметті оқырман қауым!

Қолдарыңызға тиіп отырған журнал мектеп, мектепке дейінгі, арнайы, жоғары оқу орындары мұғалімдері мен оқытушыларына, жалпы оқырмандарға арналған. Журналға «Казпочта», «Ернұрпресс», «Евразия Пресс», «Эврика почта» және Post.kz сайты арқылы жазылған тиімді.

Жазылу ай сайын жүргізіледі.

Мекен-жайымыз: 050036, Алматы қаласы, Мамыр-2, 13-7.

**Қиып
алыңыз да,
жазылыңыз!**

		Басылым индексі			
		АБОНЕМЕНТ			
		75488			
Білім кілті- Ключ знаний		Комплекті саны			
2026 жылға, айлары					
кайда					
		(почта индексі)	(мекен-жайы)		
кімге _____ (аты, жөні)					
		Тасымалдау карточкасы			
		75488			
		Басылым индексі			
ПВ орны					
Бағасы	Жазылу мекен-жайын өзгерту	...тенге ...тенге	...тийін ...тийін	комплекті саны	
2026 жылға, айлары					
1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12					
кайда					
		(почта индексі)	(мекен-жайы)		
кімге _____ (аты, жөні)					

